



2024-2025 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі»	<p>1.Топтардың 2024 – 2025 оқу жылына дайындығы, жылдық жоспармен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.</p> <p>- 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.</p> <p>- Жазғы сауықтыру – шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылау.</p> <p>- Аттестаттау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімін талқылау.</p> <p>- “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі” кеңес.</p> <p>2.2024 – 2025 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік – құқықтық құжаттар туралы толық түсіндіру.</p> <p>3.Бекіту:</p> <p>Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс – әрекеттерді бекіту.</p> <p>Топтардың перспективалық жылдық жоспары. 2022 – 2025 жылдарға арналған «Тәрбие - тал бесіктен» тәжірибе аланының практикалық кезеңін таныстырып, бекіту, пән бойынша жылдың перспективалық жоспарлар.</p> <p>Аттестаттау ережесімен таныстыру, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес ережесімен, комиссияның құрамымен таныстыру. “Педагог - модератор” біліктілік санатын беру. Жас мамандарға тәлімгер бекіту.</p> <p>Педкеңес шешімі.</p>	тамыз	директор
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін денсаулық сақтау технологиясы арқылы ұйымдастыру.	<p>1.№1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама</p> <p>Тренинг «Өзінді тап», «Додокаэдр»</p> <p>2. «Мектепке дейінгі ұйымында қолданылатын денсаулық сақтау технологиялардың тиімділігі» «Бестемше» ойыны</p> <p>3. "Мен өз денсаулығымды жақсарту үшін жұмыс істеймін" тренинг</p> <p>4. Кешенді бақылау қорытындысы. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында инновациялық технологияларды қолдану</p> <p>№2 педагогикалық кеңес шешім</p>	қараша	әдіскер Г.Е.Михайлова

3	«Ұлттық қағидаларды оқу тәрбие үрдісінде қалыптастыру»	<p>1. “Біз біргеміз” педагогикалық тренинг</p> <p>2. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.</p> <p>“Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы”</p> <p>3. Ұлттық ойындар қоржыны: “Жаңа – дәстүр, жаңа ойын” көрме.</p> <p>4. №3 педагогикалық кеңес шешімі.</p> <p>.</p>	қаңтар	Директор Әдіскер Педагог-психолог: Казғалиева М
4	Кәсіби шеберлер	<p>1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.</p> <p>2. «Ұшқыр ойлы, белсенді педагог» үздік тәрбиеші байқауы.</p> <p>«Музыкалық ринг» фестиваль.</p> <p>«Жаңа формация педагогі» жәрмеңе.</p> <p>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының түйінді идеясы.</p> <p>№4 Педагогикалық кеңес шешімі.</p>	наурыз	Меңгеруші, әдіскер
5	«Оқу жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы»	<p>1. №4 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама.</p> <p>2. 2023 – 2024 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту.</p> <p>3. «Менің жетістігім» тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің жылдық қорытынды есебі.</p> <p>Тәрбиешілер, пән мұғалімдері</p> <p>4. 2023 – 2024 оқу жылындағы жұмыс нәтижесіне қорытынды есеп</p> <p>5. «Жазғы сауықтыру жұмысы»</p> <p>№5 Педагогикалық кеңес шешімі.</p>	мамыр	Меңгеруші, әдіскер

«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының Хаттамасы № 1

Қатысқаны: 10

Уақыты: 29.08.2024 жыл

Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі»

Мақсаты: 2024 - 2025 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерін айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тыңдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой - пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.

Күн тәртібі:

1. Топтардың 2024 – 2025 оқу жылына дайындығы, жылдық жоспармен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.
 - 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.
 - Жазғы сауықтыру – шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылау.
 - Аттестаттау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімін талқылау.
 - “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы: жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі” кеңес.
2. 2024 – 2025 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік – құқықтық құжаттар туралы толық түсіндіру.
3. Бекіту:

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс – әрекеттерді бекіту.

Топтардың перспективалық жылдық жоспары.

Аттестаттау ережесімен таныстыру, педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес ережесімен, комиссияның құрамымен таныстыру. “Педагог - модератор” біліктілік санатын беру. Жас мамандарға тәлімгер бекіту.

Педкеңес шешімі. Е.М.Гаврилина

Тыңдалды: МДҰ әдіскері Е.М.Гаврилина педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім беру саласындағы өзгерістерді атап өтті. 2024 – 2025 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығын айқындап, жылдық жоспарды талдап, бекітті. Топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру жұмыстары туралы есебін берді. Балалармен ұйымдастырылған іс – шаралаға тоқталып, балалардың белсене қатысқандары жөнінде атап өтті. Аттестаттау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімі талқыланды.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилина 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат міндетімен таныстырды.

«Орал», «Алматы», «Астана», «Байконур топтарына күн тәртібі ұйымдастырылған оқу іс – әрекет кестесі берілді.

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасының мақсат міндеттерімен таныстырды. Құндылықтардың айларға бөлінісі туралы толық түсіндірілді.

Оларды атап өтсек:

Қыркүйек - Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.

Қазан - Тәуелсіздік және Отаншылдық айы.

Қараша - Әділдік және жауапкершілік айы.

Желтоқсан - Бірлік және ынтымақ айы.

Қаңтар - Заң және тәртіп айы.

Ақпан - Жасампаздық және жаңашылдық айы.

Наурыз - Тәуелсіздік және Отаншылдық айы.

Сәуір - Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.

Мамыр - Бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу тәрбие процесінде:

«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2024-2025оқу жылында ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының №2 хаттамасы

Қатысқандар: 10 педагогтары

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл - қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын дамытуда қимыл қозғалысқа арналған жаттығу түрлерін тиімді ұйымдастыру.

Күн тәртібі:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. “Мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану” әдістемелік кеңес.

Әдіскер Е.М.Гаврилина

- Фитбол жаттығулары.
- Пилатес дегеніміз не?
- Табата жаттығуы

Сатыбалдиева М.Б

3. “Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру” тақырыптық бақылауының қорытындысы. Әдіскер Е.М.Гаврилина

4. «Алтын сандық сыры» квес ойыны

Ермекова Ж.А

Педагогикалық кеңес шешімі.

Тыңдалды: №1 педагогикалық кеңес шешімі қанағаттанарлық деп есептелсін. Мектеп жасына дейінгі балаларға “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі жүзеге асырылды.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилина мектеп жасына дейінгі балалармен денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі және дәстүрлі емес әдістерді қолдану туралы әдістемелік кеңес берді.
Сатыбалдиева М.Б «Фитбол», «Пилатес», «Табата» жаттығулары туралы түсінік бере отырып әріптестерімен топтарға бөлініп шеберлік сынып көрсетті. Осындай жаттығуларды бөбекжай балаларымен жасауға болатынын айтып ұсыныс берілді. Ережелерін айтып әр жас топбына қызықты өткізуге болатынын айтып бөлісті. Әдіскер Е.М.Гаврилина “Денсаулық сақтау саласында салауатты өмір салтын насихаттау” мемлекеттік тапсырмасын іске асыру шеңберінде мектеп жасына толмаған және мектеп жасындағы балаларға арналған “Саламатты мүсін”, “Саламатты көру” әдістемелік ұсынымдарын м.д.б.б. ұйымдарында атқарылған іс-шаралар туралы есебін баяндады. тәрбиеленушілермен көзге арналған жаттығулар орындау ұмынылды. Сонымен қатар балаларға салауатты өмір салтын насихаттау бойынша дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекетінде және күнделікті режимдік сәттерде «Фитбол», «Пилатес», «Табата» жаттығулары орындауды ұсынды.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилина "Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру" тақырыптық бақылауының қорытындысын айта өтті. Балаларға қозғалыс қызметін қызықты ұйымдастыру үшін жаңа әдістерді интернет платформаларын қолдану ұсынылды.

Сөйледі:

Жанбота Асетовна “Саламатты мүсін”, “Саламатты көру”, шараларын дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс - әрекеттерінде қолданатын боламын. Салауатты өір салтын дамытуда қимыл қозғалысқа арналған жаттығу түрлерін ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді ұйымдастырамын.

№2 Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімі қанағаттанарлық деп есептелсін. “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритмі құрылымы іске асырылсын.

Жауапты мамандар: педагогтері.

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл - қозғалыс ойындарын ұйымдастыру жыл бойы жүргізілсін.

Жауапты мамандар: педагогтері.

3. Балалардың қозғалыс қызметін ұымдастыру тақырыптық бақылауы қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

4. «Алтын сандық сыры» квес ойыны қанағаттанарлық деп танылысын

Отырыс төрайымы:

Е. - М. Г.

Хатшы:

Р. Г. Т.



Е.М Гаврилина

Р.Г Талгатовна

**«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылған
педагогикалық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Қатысқандар: 10 педагогтары

Тақырыбы: «Ұлттық қағидаларды оқу тәрбие үрдісінде қалыптастыру»

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды бойына игерген тұлға қалыптастыру.

Күн тәртібінде:

1. “Біз біргеміз” педагогикалық тренинг Педагог-психолог: Казғалиева М

2. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

“Біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы”

3. Ұлттық ойындар қоржыны: “Жаңа – дәстүр, жаңа ойын” көрме.

4. №3 педагогикалық кеңес шешімі. директор: Е.М.Гаврилина

Тыңдалды: Педагог-психолог Казғалиева М “Біз біргеміз” тренингінің мақсаты педагогтердің ұжымдық сыйластықтарын арттыру, бір-біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл күйлерін көтеру болып табылады. Педагогикалық-психологиялық тренингке педагогтер белсене қатысты. Тренинг барысында тапсырмалар мен психологиялық жаттығулар жүргізіліп, педагогтердің қарым-қатынасын ұлғайту.

директор: Е.М.Гаврилина №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына тоқталды. Топтарда балалардың қимыл-қозғалыс ойындары жоспарға сай ұйымдастырылып отыратыны, дамытушы орта бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр деді. Күннің I және II жартысы бойынша бақылау жұмыстары жүргізіліп тұратыны туралы айтты.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилина ай сайын “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы бойынша жоспар құрылып, алдын-ала педагогтерге кеңестер беріп отырамын деді. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру жолдары үш бағытта жүзеге асырылып отыратынын айтып өтті. Ұйымдастырылған іс-шаралар ресми сайттар мен әлеуметтік желілерде уақытылы жарияланып отыратынын айтты.

Тыңдалды: Топ тәрбиешілері “Жаңа-дәстүр, жаңа ойын” тақырыбындағы көрмелерін таныстырып, іс-тәжірибе алмасты.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилина ҚР оқу ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес аттестаттау рәсімі жүргізілетіні туралы педагогтарды ақпараттандырды. Аттестаттау рәсімі (2025 жылдан бастап кезең-кезеңмен 2025 жылы педагог-модератор, педагог-сарапшы, 2026 жылы педагог-зерттеуші, педагог-шебер) педагогтердің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өндеуді қамтамасыз ететін “Ұстаз” педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасында өткізіледі деді. Ендігі кезекте педагогтерді аттестаттау платформа арқылы жүзеге асырылады деп әріптестер назарына ұсынды.

Сөйледі: тәрбиешілері Горлова Алина, Ермекова Жанбота Асетовна, педагог-психолог Казғалиева М №3 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған іс-шаралары туралы іс-тәжірибелерімен бөлісті. Алынған мақсат-міндеттер оқу бағдарламасы аясында оздырылды деді.

«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының №4 хаттамасы

28.03.2025

Кәсіби шеберлер

Мақсаты: педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және еңбегін ынталандыру.

Қатысқандар: 10 педагогтары.

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. «Ұшқыр ойлы, белсенді педагог» үздік тәрбиеші байқауы. Мүз. жет. Денисова В.Д
«Музыкалық ринг» фестивалы.
«Жаңа формация педагогі» жәрмеңе.
«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының түйінді идеясы.

Тыңдалды: директор: Е.М. Гаврилина №3 педагогикалық кеңестің орындалуы туралы айтып өтті. Сонымен қатар педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Педагогикалық кеңестің мақсаты: педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру және еңбегін ынталандыру деді

Тыңдалды: Әдіскер Е.М. Гаврилина педагогтар мен «Ұшқыр ойлы белсенді педагог» квестін өткізді. Квест мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз етудегі нормативті талаптардың орындалуы екенін атап өтті. Квестке педагогтары белсене қатысты. (қосымша жалғанды)

Сөйледі: Саз жетекшісі Денисова Валентина Дмитриевна педагогикалық кеңесте маған берілген тапсырма тәрбиеленушілермен «Музыкалық ринг» фестивалы. Бұл шараға барлық топ тәрбиеленушілері қатысты. Мақсаты: тәрбиеленушілерге әннің қадірін, әнді мәнерлеп айту қабілеттерін және әннің мағынасын мен мәнін түсініп орындауға тәрбиелеу деді.

(Қосымша жалғанды)

Сөйледі: Әдіскер Е.М. Гаврилина оқу жылының аяқталып қалуына орай ұйымдастырылған «Жаңа формация педагогі» жәрмеңкесі туралы айтып өтті. Жәрмеңке мақсаты педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, үздік педагогті анықтау. Жеңімпаз педагогті қалалық кеңеске жолданатыны туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар биылғы оқу жылындағы ауқымды жоба «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы туралы да ақылкеңестерге тоқталды.

Сөйледі: Тәрбиеші А. Мерекова педагогикалық кеңесте қаралған барлық мәселелер өзекті. Құнды ақпараттар алдық деді

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №3 педагогикалық кеңестің орындалуы қанағаттанарлық
2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби деңгейін арттыруды жалғастыру. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жұмыстануда сай қорытындылаймыз.

Отырыс төрайымы:



Е.М. Гаврилина

Хатшы:



Р.Г. Талгатовна



«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылған педагогикалық кеңес отырысының №5 хаттамасы

29.05.2025 ж

Қатысқандар: 10 педагогтары

Тақырыбы: 2024-2025 оқу жылы жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы.

Мақсаты: мамандардың тәрбиешілердің жыл бойы атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау.

Тәрбие мен оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктерімен шешілмеген мәселелерді анықтау.

Қатысқандар: МдҰ педагогтары.

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы директор: Е.М.Гаврилина
2. «Біздің жетістіктеріміз» балабақша тәрбиешілері мен педагогтары
3. Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдық жетістіктері. Әдіскер Е.М.Гаврилина
4. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерден тәрбие үдерісіне өзіндік талдау Әдіскер Е.М.Гаврилина
5. «Сықырлы чемодан ізденуде» педагогтарға психологиялық тренинг Педагог-психолог Казғалиева М
6. «Жаз, сәлем» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары оқу кестесі, күн тәртібін бекіту. директор: Е.М.Гаврилина
7. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрықпен танысу. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстыру. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды: директор: Е.М.Гаврилина №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына тоқталып өтті.

Тыңдалды: Топ тәрбиешілері мен мамандары жылдық есебі бойынша іс-тәжірибелері мен бөлісті.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилина оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды диагностика бойынша есебін берді.

Бастапқы кезең бойынша Денсаулық сақтау дағдылары 31/69, коммуникативтік дағдылары 26/65, танымдық дағдылары 24/60, шығармашылық дағдылары 28/70

Әлеуметтік дағдылары 29/73

Аралық кезең

Денсаулық физикалық қасиеттерін дамыту жоғары -58, орташа-42, төмен -0

Коммуникативтік дағдыларын дамыту жоғары-27, орташа-42, төмен-31

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту. Жоғары -33, орташа -42, төмен-25, Балалардың шығармашылық, зерттеу іс-әрекетін дамыту жоғары -35, орташа-35, төмен-30%, Әлеуметтік эмоционалды дағдысын қалыптастыру жоғары-29, орташа-48, төмен-23

Қорытынды кезең.

Физикалық қасиеттерді дамыту жоғары-96, орташа-4, төмен-0, Коммуникативтік дағдыларды дамыту жоғары-77, орташа-23, төмен-0, Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту. Жоғары-85, орташа-15, төмен-0, Шығармашылық дағдылары Зерттеу іс-әрекетін дамыту. Жоғары-79, орташа-21, төмен-0, Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жоғары-77, орташа-23, төмен -0 көрсетіп отыр деді.

Тыңдалды: Әдіскер Е.М.Гаврилинаға мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбие үдерісіне өзіндік талдау жасап қорытынды есебін оқып, есеп берді. МдҰ өзін өзі бағалау есебі бойынша қорытынды «жақсы» деп бағаланды деді. Қорытынды сайтқа ілінді деді.

Сөйледі: педагог-психолог Казғалиева М педагогтерімен «Сықырлы чемодан іздеуді» педагогикалық психологиялық тренингін өткізді. Мақсаты: ұжымдық қарым-қатынасты нығайту.

Сөйледі: директор: Е.М.Гаврилина «Жаз,сәлем» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары,нұсқаулық және күн тәртібі,ҰІӨ кестесімен таныстырылды.Балалардың шешімі мен денсаулығын қорғау туралы бұйрығын таныстырылып қол қойылды.

Сөйледі: Әдіскер Е.М.Гаврилина 2024-2025 оқу жылы арасындағы іс-тәжірибе алаңы бойынша қорытынды есебін берді. «Денсаулық әліпшесі» атты зертхана ашудағы мақсаты денсаулық сақтау технологиясын енгізу,бала денсаулығын нығайту және білім беру ортасын құра отырып,салауатты өмір салты,дағдысына тұрақты баулу бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру болатын.Осы мақсатта үш жылдық жоспар құрылып,қалалық ,облыстық деңгейде іс- тәжірибелер жүзеге асырылды деді.Жаңа оқу жылында іс тәжірибе алаңы облыс көлемінде таратуға ұсыныс берілетінің айтты.

Тыңдалды: директор: Е.М.Гаврилина ҚР оқу ағарту министрінің бұйрығына 1 қосымша 30 шілде 2025 жыл №194 пен таныстырды.Біз былтырғы,яғни аяқтап отырған оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 6 құндылық бойынша жұмыстар жасап, нәтиже қол жеткіздік.Ал,жаңа оқу жылынан бастап бұл бағдарлама.Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы болып өзгертіліп отыр деді.

Меңгеруші бағдарламаның құрылымы мен мақсат міндеттері нақты тоқталып өтті.Ұжымды жұмыстануға шақырды.Сонымен қатар оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтады.

Сөйледі: директор: Е.М.Гаврилина педагогтарымен әртүрлі сұрақтарына жауап берді.

Педагогикалық кеңес шешімі

- 1.№4 педагогикалық кеңестің орындалуын қаңағаттанарлық деп шешілді.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесі жұмысы жалғасын тапсын.
- 3.Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуы бойынша жас тобына күтілетін нәтиже көрсеткішін жоғары деңгейге көтеру.
- 4.Балабақшадағы тәрбие мен білім беру үдерісін жалғасын тапсын
(жауапты Е.М.Гаврилина)
- 5.Педагогтардың педагогикалық психологиялық ахуалын қалыптастыратын жұмыстар жүзеге ассын.
(жауапты Казғалиева М)
- 6.Жазғы сауықтыру шынықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары талапқа сай орындалсын.Барлық құжаттар мен нұсқаулықтар бекітілсін.
7. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы келсі оқу жылында өз жалғасын тапсын
(жауапты Е.М.Гаврилина)

Өзін-өзі бағалау есебі сайтқа ілінсін

Отырыс төрайымы: 

Хатшы:





Е.М.Гаврилина

Р.Г.Талгатовна